



Қарағандыны қамқорлыққа алған облыстардан 1942 жылдың ноябрінен 1943 жылдың сентябріне дейінгі аралықта 337,9 тонна астық, 132,15 тонна ұн, 104,4 тонна жарма, 90,32 тонна құс еті, 10,15 тонна мал майы, 33,43 тонна балық, тағы басқа азық-түлік, 144,2 мың сомның өнеркәсіп товарлары жеткізілді.

Мемлекеттік Қорғаныс комитетінің қаулысына сәйкес 1943 жылы Қарағанды шахталарына 16.621 адам келді.

23 майда бассейн озаттарының слеті өткізілді. Онда № 18 шахта коллективінің бастамасы бойынша кең өрістелген Бірінші Май мерекесінің құрметіндегі жарыстың қорытындысы шығарылды. Слетке қатысушылардың басым көпшілігі «Социалистік жарыс озаты» белгісімен, Көмір өнеркәсібі халық комиссариатының Құрмет грамоталарымен, бағалы сыйлықтармен наградалды. 300-ден астам кеншіге Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының грамоталары берілді.

Майда СССР Көмір өнеркәсібі халық комиссарының орынбасары Засядько бассейнің «Сталинуголь» көмір тресіне Мемлекеттік Қорғаныс комитетінің ауыспалы Қызыл туын тапсырды. Бұл туды қатарынан бес ай бойына осы трест коллективі ұстап тұрды, ал онан кейін «Кировуголь» тресі жеңіп алды.

20 октябрьдегі СССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы бойынша көмір өндіруді арттыру жөніндегі үкімет тапсырмасын үлгілі орындағаны үшін бассейнен 5 адам Ленин, 34 адам Еңбек Қызыл Ту, 64 адам «Құрмет белгісі» орденімен, 59 адам «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен, барлығы 191 адам наградалды.

Мартта аса қуатты 4-көмір разрезі (Қарағанды) рекордты қысқа мерзімде, тоғыз айда салынып, пайдалануға берілді.

Бірінші Май мерекесіне дейін Ұлытау ауданының еңбекшілері «Қазақстан колхозшысы» танк колоннасына арнап 747.956 сом, Нұркен Әбдіров атындағы самолеттер эскадрильясын жасау қорына 44.480 сом, Сталинградты қалпына келтіру қажетіне 73.520 сом, қорғаныс қорына 49.918 сом жинап тапсырды.

июнь айында Осакаров ауданындағы Трудовой МТС-інің трактор бригадасының бригадирі Андреевко 50 мың сомға, Қарқаралы ауданындағы колхоз председателі А. Нұртазин 20 мың сомға, № 31 шахтаның навалотбойщикі Иванов 2 мың сомға екінші соғыс заемына жазылып, ақшаны қолма-қол төледі.

Жыл аяғына дейін облыс колхозшылары танктер мен самолеттер жасау қорына арнап 13.694 мың сом өткізді.